



Бал дәурен

№22-23 (342) 18 қараша 2015 жыл

Газет 2001 жылдан бастап шығады

Акция

“БІЗ ӘРДАЙЫМ ЖАНЫҢДАМЫЗ”



Жалағаш ауданындағы №201 орта мектеп-лицейінде “Біз әрдайым жаныңдамыз” атты қайырымдылық акциясы өтті. Акцияға 9 “В” сынып оқушылары, мектептің “Жас ұлан” қоғамдық бірлестігінің мүшелері, ата-аналар мен мұғалімдер қатысты. Акцияның мақсаты: мектептегі “Жас ұландар” тобы мен үйден оқитын балаларды бірін-бірімен достық қарым-қатынас жасауға, сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Мүмкіндігі шектеулі балаларды шығармашылық жұмыс жасауға, өзін-өзі тануға мүмкіндік жасау. Жобаның дайындық кезеңінде сынып оқушыларымен бірге үйден оқитын мүмкіндігі шектеулі балалардың үйлеріне барып, олармен танысып, сабақтарына жәрдем бердік. Біз төрт оқушыны осы шараға шақырдық. Оларды ата-аналары бірге алып келді. Қонақ оқушыларды төрге орналастырып, қошемет көрсеттік. Слайд арқылы сынып оқушыларының үйден оқитын балаларға сабақтарына көмек көрсетіп, рухани демеу беріп жағдайларын білуге барған суреттер көрсетілді.

Шара барысында Жас ұландықтар әдеби-музыкалық қойылым арқылы жас достарына ұйым туралы жалпы мәлімет беріп өтті. Қонақ оқушыларды “Жас ұлан” ұйымына қабылдау рәсімі өтті. Олар ант қабылдағаннан кейін шараға қатысушы мұғалімдер олардың мойындарына көгілдір түсті галстук тағып, құттықтады. Сол кездегі балалардың көздеріндегі қуаныш, бойларындағы шаттықты сезіндік. “Досыма сыйлық” айдарында сынып оқушылары жас достарына өз қолдарымен жасалған заттарын, оқыған кітаптарын, тіпті жақсы

көретін ойыншықтары мен доптарын шын жүректерімен сыйға тартты. Сыйлық алған бала да, сыйлық берген бала да үлкен әсер алды. Олардың достығы, өзара қарым-қатынасы беки түскендей. Жүректері қуанышқа толды. Мектеп психологы қонақтарымызды ортаға алып, оқушылармен бірге тренинг, ойындар жүргізді. Мектеп өнерпаздарының концерттік бағдарламасы да қонақтарымызға ұнап, оларды шаттыққа бөледі. Сергіту сәтінде барлық балалар флешмоб биіне ортаға шығып билеп, көңілдерін көтерді. Шарадан алған әсерлерін қонақтарымыз смайликтер арқылы көрсетіп, ризашылықтарын білдірді. “Еркін микрофон” айдары кезінде қонақтар өз жүректерінен шыққан шынайы ықыластарын білдірді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айқын Бектасқызы қорытынды сөз сөйлеп, келген қонақ оқушыларға рахметін айтты.

Іс-шарадан қол жеткізген нәтиже оқушыларымның бойында мейрімділік, қамқорлық, адалдық қасиеттерінің көрініс беруі. Келген қонақ баалардың өмірге деген қызығушылық көңарастарының дамуы.

Осы жобаны алдағы уақытта жүзеге асыру бағытында оқушылар, жас достарымен арадағы байланысты үзбей, нығайтуды жоспарлады. Ол үшін кезектесіп сабақтарына көмек беріп, мерекелерде шараларға шақырып, оларға әрқашанда рухани көмек көрсету керек екенін айтты.

Алтын ЖАНАШЕВА,
№201 мектеп мұғалімі.
Жалағаш ауданы.



Жаңалықтар.Хабарлар

Өнерлінің өрісі кең

№56 қазақ орта мектебінде қазан айының технология, бейнелеу өнері пәндерінің апталығы өтті. Апталықтың ашылуымен №56 мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Бердиев сөз сөйлеп апталықтың ашылуын хабарлады. Апталықтың жоспарымен бірлестік жетекшісі Д.Сыздықов таныстырып өтті. Технология пәні мұғалімі Оспан Гүлжазираның ұйымдастыруымен 8-сынып қыздары арасында ұймдас-тырған “Қыздар сұлу көрінер өнерімен” атты сайысы өз дәрежесінде өткізілді. Бұл сайыстың мақсаты оқу-танымдық тәрбие беру, шапшаңдыққа, топтық ынтымақтастықты қалыптастыруда ықпалы орасан зор болды. Сайыс жеті кезеңнен тұрды. 1.“Сәлем - сөздің атасы”. 2.“Білгенге маржан”. 3.“Ою -ойғаннан ойы ұшқыр”. 4 .“Мерекелік дастарқан”. 5.“Кім жылдам” 6.“Шаш - адам көркі”. 7.“Ең өнерлі”. Сайыста қыздар “Талантты аспаз”, “Шебер қыздар” болып екі топқа бөлініп, өз шеберліктерін ортаға салды. Осы сайыста қатысушы қыздар өздерінің бар өнерлерін ортаға салды. Қорытындысында екі топта тең түсіп, қыздардың еңбектері ескеріліп марапатталды. “Өнерлі қыз” атағына Н.Назар, А.Елеусіз, “Ісмер қыз”

атағына А.Нұрмағанбет, А.Шамсудин, “Шебер қыз” атағына Ұ.Әбілпатта және Н.Құрмантайлар лайық деп тапты әділ қазылар алқасы. Бұдан кейін 5-7 сыныптың ұл балалар арасында технология пәні мұғалімі А.Алиакбаровтың ұйымдастыруымен “Шебердің қолы алтын” атты көрме өткізілді. Бейнелеу пәні мұғалімі Е.Қошқаровтың 5-9 сынып оқушылары арасында “Жас суретшілер” байқауын ұйымдастыруы бұл байқаудың ерекшелігі болды. “Қазақ хандығына 550 жыл”, “Менің елім” тақырыптарында салдырған суреттері өнерді үйрету арқылы тарихымызды құрметтеуде тәрбиелік мәні бар байқау болды. Бұл байқауда да оқушылар өздерінің ізденгендігін көрсетті. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Басқожаева апталықты қорытындылады. Апталыққа белсене қатысқан 8-сынып оқушылары А.Нұрмағанбет, А.Шамсудин, А.Елеусіз, 9-сынып оқушысы Б.Шваш, 5-сынып оқушысы Б.Әуелбектерге мектепшілік гра-моталар тапсырылды.

Роза НИЗАНБАЕВА,
мектеп директорының ғылыми
әдістемілік жұмыстар жөніндегі
орынбасары.

Ақ бұзау

Ақ бұзауым ұнайды,
“Мө-мө” деп сүт сұрайды.
Келеді тез жөнге де,
Апарамын көрмеге.

Келеді өсіп күн санап,
Қоямын ба тұмшалап.
Тұмсығын созып қарайды,
Тілімен мұрнын жалайды.

Асхат ТҮРҒАНБАЙҰЛЫ,
№167 мектеп оқушысы.
Жаңақорған ауданы.



XXI ғасыр дерті

Ей жас ұрпақ!

Мен есірткі ізінде кеткен өлі адаммын. Мен де сендей балалықтың балдай шағын өткерген, өмірдің асу беліне келіп оқу іздеп келген жас болдым. Есірткі ескі досыңдай өзіне шақырады, баурайды, достасасың. Ол - досыңнан қымбат жаңа “дос”.

Ей жас ұрпақ!

Әрбір қадамыңды есеппен басар, айналаға өткір көзбен барлай қарар, өмірдің иіріміндегі не түрлі адамдардың арамдығын ажыратып тани білер “қыран” болуды үйрен!

Есірткі - 62 тамырды босататын, түзу жолды қисық жолға айыр-бастайтын, адал досты қара ниетті досқа балайтын, жүрегі кең ата-ананы

жауыз адамдар тобына мәңгіге айыр-бастайтын “ауру”.

Есірткі - ессіз еліткен енжар адамдар тобын жасақтайтын XXI ғасыр індеті.

Жас ұрпақ есірткі елітумен өмірдің “соқпақты қара” жолын таңдамай, мәңгілік елдің нұрлы жолымен жүретін “ұлы” өмірге жаны құмар қызу қанды жігерлі жолды таңдап өзіңнің ба-қытты, шаттықты өміріңді өз қолың-мен жаса!

Бибізакия ШАМШАТ,
№185 орта мектептің
6 “б” сынып оқушысы.
Қармақшы ауданы.
Т.Көнекбаев ауылы.

Қымбатты балалар!

“Бал дәурен” газетіне 2016 жылға жазылу басталды. Жазылу бағасы 6 айға 360 теңге.

Газетке «Қазпоштаның» жергілікті бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

“Бал дәурен” газетінің редакциясы.

Жаңалықтар.Хабарлар

Есірткі -әлем дерті



Ғасыр дерті, әлем дерті-есірткі,
Көп адамды еліктірген індеті.
Жүрегінде оты бар әрбір жастың
Осы әдеттен күресу - міндеті.

Айырылып қасындағы барлық достан,
Бүгінде соның бәрі болды дұшпан.
Адамдық қасиеттен ада болып,
Болашағы бұлыңғыр, бордай тозған.

Есірткіге санасын да билетті,
Есірткіге бойын да үйретті.
Ұрпағын аждаһадай жалмайтын,
Келешегін күл-талқан қып күйретті.

Болам десең жасыңдай жастың бірі
Келешекті ойлағын күн ілгері.
Денсаулықты шынықтырып күн сайын,
Тосқауыл жаса жат қылыққа жігерлі.

Құрметті жас дос!

Талай ғасыр аңсап, "тар жол, тайғақ кешуі" бастан өткеріп, "ат басына күн туған, ауыздықпен су ішкен" кешегі қиын замандарды күреспен өткерген біздің аруақты, ер ата-бабаларымыз алып берген тәуелсіздігімізді, салып берген сара жолымызды сақтау, келешек ұрпаққа аманат ету - біздің қасиетті борышымыз! Біз қазір тәуелсіз қазақ елінің үміт күтер азаматымыз! Елдің гүлденіп, бәсекеге қабілетті дамыған ел болуы үшін қашанда өз еңбегімізбен, өз білімімізбен озық тұруымыз керек! Жамандықтан аулақ болып, салауатты тұлға болу - біздің міндетіміз. Қазіргі таңдағы қоғамдағы белең алып бара жатқан жаман, адамның өмірі мен санасын улайтын жат қылықтардан бойымызды әркез аулақ ұстап, білімімізді үнемі кеңейтіп отыруымыз қажет. Тәуелсіз еліміздің басты құндылығы адам болса, сол адамның басты байлығы - денсаулығы. Кешегі күні хакім Абай атамыз: "Әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып, адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жинақтау, бұл адамға нұр болады" десе, бүгінгі күні Елбасы Н.Ә.Назарбаев: "Жалпы адамдар неліктен өз денсаулықтарын құртып, оны улайтындарға төзіммен қарауға тиіс? деп, денсаулықты күтуге, жамандықтан аулақ болуға шақырады. Дана халқымыз: "Бірінші байлық - денсаулық" дейді. Шынында да, деннің сау болғанына ештеңе

жетпейді. Бар байлық денсаулықтың қасында құнсыз. Енгеше, ұлттың тамырына балта шабатын, қоғамның санасын улайтын, мәдени және адамгершілік құндылықтарын төмендететін, жас өміріңді улайтын, зардабы жоюға келмейтін, соңы өлімге апаратын есірткіден аулақ бол! Білімсіздік пен қызығушылық, әуестенушілік соңы өкінішке апарады. Нашақорлық - әлемдік дерт. Бұқаралық ақпарат құралдарында да түрлі тың ақпаратпен, заң салаларының өкілдері де заңдық тұрғыдан аяусыз күрес жүргізуде. Қазіргі таңда қоғам болып күрес жүргізіп жатқанда достарымызды, айналадағы адамдарды ғасыр дертінен арашалау - азаматтық парызымыз. Қызғалдақтай жайнаған өміріңді бір күнде жою - ең үлкен қасірет. Орны толмас өкініш әкелетін есірткіден бойыңды да, санаңды да аулақ ұста. Салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен дос бол! Білім жолын қуып,бос уақытыңды тиімді пайдалан! Жат қылықтарға әуес адамдарды әркез жақсы жолға түсуіне үлес қос! Жүрегіндегі иманға толтырып, жаңа күннен жақсылық күт! Алаштың аманатын арқалаған жас дос, сен бүгін менің сөзіме өз үніңді қос!

Мақсат АЙТУАР,
№26 мектептің
7-сынып оқушысы.
Қармақшы ауданы.

Өтірік өлең

Мініп алып қоңызға,
Ұштым айға аспанға.
Қоян көргім аспаннан,
Мініп алған қасқырға.

Тарбаңдаған бақамен,
Айрылмастай дос болдым.

Гастролде жүруді,
Құмырысқамен хош көргім.

Расул ЕСЕНБЕК,
№217 мектептің
2 "А"сынып оқушысы.



Қуандарияға арнау

Қуандария - мекенім,
Туып өскен тұғырым.
Сенде өсіп, ержеткен,
Ұрпағыңның бірімін.

Жыршы бабам - Ешнияз сал,
Жыраулардың дүрі еді.
Ақын ағам - Әмзе атам,
Ақындардың гүлі еді.

Тамсандырған өлеңмен,
Серікбек атам киелі.
Тағы бар атам - Сәнтөре,
Ақындардың бірі еді.

Темір аға, Мергенбайдай,
Жыраулардың мекені.
Жауынтай ата, Шегебайдай,
Тілшілердің тірегі.

Ұлыш әжем, Қалдаш апам,
Аналардың батыры.
Ханзада әже, Қаламқас апа,
Немеренің жақыны.

Журналист қыз - Жайна тәтем,
Астанада тұрады.
20:30. Біздің уақыт,
Экранға шығады.

Алтын алды Қытайдан,
Дзюдошы ағам - Бауыржан.
Алтын белгі иегері,
Әсел тәтем "Дарыннан".

Аман келген соғыстан,
Батыр ағам - Бақытжан,
Нұра ағам, Жомарт ағам,

Бейбітшілік сақтаған.

Мектебім бар аяулы,
Көп оқушы оқыған.
Нөмірі оның 186,
Жанұзақ ағай басқарған.

Ғани ағай, Нәкебай ағай,
Бізге тәлім берегі.
Сәпия апай, Роза апай,
Үлгі болып жүрегі.

Гүлбану апай, Абай ағай,
Денсаулықтың сақшысы.
Шынығұл апай, Қалампыр апа,
Мекеменің басшысы.

Шамқожа атам - іскер ағам,
Осы ауылдың түлегі.
Шаруашылық тұрып қалған,
Сол арқылы жүрегі.

Келеміз біз осы ауылда,
Аманатты арқалап.
Қызыл құмның төсіндегі,
Бір ауылда жарқырап.

Көркейтіп біз осы ауылды,
Тыңбай еңбек етеміз.
Оқу оқып, білім алып,
Биіктерге жетеміз.

50 жылың құтты болсын,
Қуандария мекенім.
Әрқашан да мен сені,
Мақтан тұтып жүремін.

Сыр сүлейі-Тұрмағамбет

Жасынан назым сөзге шебер болған,
Көпті көрген Тұрмағамбет атамыз.
Аты шыққан сүлейлердің сүлейі,
Өткір тілді, ақын, жырау бабамыз.

"Шахнамасын" шығыстың өз тілімен сөйлеткен,
Тәлім беріп жастарға түзу жолды көрсеткен.
Жатқан кезде қапаста өлеңі болған
Марал баба, Алланы жырына қосып тебіренеткен.

Мейірімді, сабырлы ағаларды жақтаған,
Пасық ниет, көргенсіз арамдарды

қақтаған.
Туған жерін, Отанын өлеңменен сақтаған,
Шаруаны еңбекқор, шыншыларды мақтаған.

Жырауларды пір тұтқан Сыр бойының бұлбұлы,
Дара шауып бәйгеген озып келген гүлдүлі,
Қармақшының киелі топырағында өрбіген,
Мақтанышы елімнің - ғажап ақын үлгілі.

Айша УӘЙІСҚЫЗЫ,
№186 мектептің
4-сынып оқушысы.
Қармақшы ауданы.

Нашақорлық - жаман дерт

Құрсағында жатып алтын ананың,
Дүние есігін ашқан сәби баламын.
Жамандықты ажыратып жақсыдан,
Еріксізден қолға түсті қаламым.

Бұл өмірдің қызық қазір кезеңі,
Дәл бүгін мен ойнап жүрген баламын.
Сонда-дағы жас жүрегім сезеді,
Бар екенін тұмшаланған сананың.

Есірткімен денсаулығын уаған,
Талай адам өлді содан сорлаған.
Қазақтарды көрген кезде есірген,
Кішкентай боп менің өзім қорланам.

Бұған қалай арашашы бола алам,

Күресуде есірткімен бар адам.
Бозторғайдай шырылдап ақ жатыр-ау,
Қарлығаштай нәзік жүрек сорлы анаң.

Ей, ағалар, уламашы өзіңді,
Есірткімен қанталатпа көзіңді.
Сенің ауру ұрпақтарың күні ертең,
Ит етінен жек көреді өзіңді.

Есіңді жый, айт ұрпаққа сөз үлгі,
Көрсін анаң күлім қаққан жүзіңді.
Жарасымын тапсын ғазиз өмірің,
Нәпсіңді тый, бола білгін төзімді.

Айғаным АТАНБАЙ,
№269 орта мектептің 4 "Ә"
сынып оқушысы.
Қармақшы ауданы.

Өнеге

Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз

Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу - ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы - қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы - әйел адам. Сондықтан, бүгінгі қыздар жиналысында ұлттық салт-дәстүріміздің қыз бала тәрбиесіне байланысты тұстарын бөліп алып, абыройлы қыз, ибалы келін тәрбиелеуді мақсат етіп қойдық.

Қыз бала бой жетуі, яғни, жан-жақты жетіліп, белгілі дәрежеде өмір тәжірибесіне ие болғаны жөн. "Қыздың жолы жіңішке", "Қызға қырық үйден тыю" деген сияқты халықтың тәлімгерлік талаптарының мәнін түсініп қана қоймай, бой жете келе адам өзіне қатысты тиісті қорытынды шығара білуі, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысын басшылыққа алуы тиіс.

Әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда "қыз" деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылады. Мысалы: мінезі жақсы, әдепті жігітті көрсек "Қыз мінезді жігіт екен" дейміз. Халқымыздың ауыз әдебиетінде:

Қыз емес, қыздың аты - қызыл алтын,

Көрінер толған айдай жүзі жарқын.

Үлкеннің алдын орап, сөз сөйлемес,

Халқының сақтай білген ізгі салтын, - деген өлең бар.

Бұл - қыз баланың айрықша әдепті де, көрікті болуы керек екенін аңғартады. Халқымыз қыз баланы ардақтайды. Оған қатты сөз айтпай, мәпелеп өсірген. Өйткені, қыз-жат жұрттық бала, қыз-қонақ деп есептеген. Расында, қыз бала өскен соң, ол басқа үйдің баласы болады, бірақ ол бала сол барған үйінде ары таза, иман жүзді, елі, ауылы сыйлайтын ана болуы тиіс.

Қыз намысы дегеніміз, ең алдымен, өзін-өзі сыйлайтын, өз көзқарасынан, ойынан адалдықты көрсетіп, өзін-өзі қорлайтын ымыра мен келісімді қабыл алмайтын терең сезім. Қыздың намысы мен ары, адамгершілігі оның оқуына, қоғамдық пайдалы істеріне, отбасына, құрбы-құрдастары мен ұжымдағы қарым-қатынасына байланысты. Әрбір қыз бала ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйренсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығатыны сөзсіз.

Иә, қазақ қызы сөзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы болуы тиіс. Оның жүзі жылы шырайлы, өзі ұяң, әрі жаны мен тәні таза болып келеді. Дене бітісі жинақы, сөзі салмақты, ісі тинақты, ажарлы, көз жанары өткір, бет-әлпеті бал-бұл жанған, тәні шымыр, шырайлылық-қазақ қыздарына тән қасиеттер.

"Болмасаң да ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеңіз" деп ұлы Абай айтқандай, қыз балалар осындай қасиеттерді меңгеруге талпынуы керек.

Қ.Қожахметова көрсеткен қыздар ережесі төмендегідей:

- Шашын, көзін, ернін, бетін боямау;
- Қазақша амандасу рәсімін орындау;
- Орынсыз еліктеп, әлем-жәлем киініп ерсіленбеу;
- Әдепсіздік пен азғындық жолға баспау;
- Ойлы, ұстамдылық жолмен лайықты жар таңдау, адданбау;
- Спиртті ішімдіктер ішуден, темекі тартудан аулақ болу;
- Әйел адамға тән өнер түрлерінің барлығын, үй шаруасын меңгеру;
- Ұлдар мен ер-азаматтар тәртібіне қыздар әдептілігінің зор ықпалы бар екенін дұрыс түсіну;

-Үлкендердің жолын кеспеу, алдын орағытып өтпеу;

-Өтірік-өсек айтпау.

Осындай тағы да үлкендердің айтқан ғибрат сөздеріне тоқталатын болсақ, Әли Ат-Тантауи атамыз айтқандай: "Егер қасқырға керегі тек оның еті болса, ал ер адам сенен одан да қымбатыңды тартып алғысы келеді. Бұл сені қойдың өлімінен де жаман жағдайға ұшыратады. Еркектер сені ең бағалы, ең қымбатыңнан-өзіңді адал, таза қалпыңда сақтайтын, өзің қадір тұтып, өмір сүруге қуат алатын пәктігіңнен айырғысы келеді. Ер адам арамдық пен зұлымдықпен пәктігінен айырған қыздың өмірі қасқыр талап тастаған қойдың өлімінен жүз есе ауыр болады. Алланың атымен ант етейін, бұл ащы шындық! Қызға көз салысымен кез келген жігіт оны ойша шешіндіріп, сосын жалаңаш қалпыңда көз алдына елестетеді. Алланың атымен екінші рет ант етейін және кейбір ер балалардың әлдебір қызға өнегелі мінезі мен тәрбиелігіне әбден көз жеткіздім, онымен жолдас-жора сияқты араласып, оған достық сезіммен көңіл аударып жүрмін деген әңгімелеріне ешбір сенбеуіңді жалбарына өтінемін. Алланың атымен ант етейін, бәрі де өтірік жалған!"

Сендер бір ғана сәттік ләззатқа батасындар, сосын ол бәрін ұмытады, ал сен мұның ащы жемісінің дәмін татасың. Жігіттің ешқандай басын қатырмастан өз жөнімен кетеді де, ар-ұятын аяққа таптау үшін басқа бір бақытсыз, әрі ақысыз қызды іздей бастайды, ал құрсағыңда пайда болған ұрықтың бүкіл ауырпалығы сенің еңсеңді езеңді, жаныңды үрей билейді, бетіңе масқара абыройсыздықтың таңбасы басылады.

Мұндай адаммен кездескенде, сен өзіңнің беріктігің мен үзілді-кесілді қарсылығыңды танытып, төкаппарлық көрсетіп, оған қарамай қойсаң ғой! Егер оның ұятсыздығы сенен алған алғашқы тойтарысқа қарамастан немесе сөзбен, немесе іс-әрекетімен саған озбырлық жасауға дейін жетсе, онда туфлиңді шешіп ал да, басынан бір қой. Егер осылай істесең, кез келген жүргінші сені қорғау үшін көмекке келер еді.

Мысал келтіру: осынау жан дүниесі нашар жандар, ірітіп-шірітіп бүлдіретін нәрселердің ешқайсысы қыз балалардың төгілген ар-ұятын қайтарып бермейді, былғанған абыройын тазарта алмайды, жоғалған қадір-қасиетін қайтарып бермейді.

Егер қыз бала күнәһарлыққа жол берсе, онда бүлдімнарлардың ешқайсысы оған қол ұшын бере алмайды, оны батпақтан аршып алмайды. Олардың барлығы қыздың сұлулығы көз тартып, құлпырып тұрған кезінде ғана асты-үстіне түсіп шыр айналады. Бір түйір еті қалмаған сүйекті кемірместен алысқа лақтырып тастайтын иттердей, абыройы айрандай шашылған, ажары тайған қыздарға ешқандай ер-азаматтар жоламайды.

Қызым менің, саған айтар әкелік өсиетім осындай! Бұл - нағыз таза ақиқат, сондықтан басқа ешнәрсені тыңдама. Қоғамды түзеудің, сауықтырудың кілті бізде - ер-азаматтарда емес, тек сенің қолыңда екенін білгейсің".

Осылардың бәрін үлгі тұта келе, "Қыз - болашақ ана", "Қыз өссе, елдің көркі" демекші, қыз баланың қай жерде болса да, өз орнын біліп, ибалы қыз, білімді ару болғаны абзал. Ұлы данышпан Абай: "Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, "адам мінезін түзеп болмайды" деген кісінің тілін кесер едім" деді емес пе? Олай болса, сана-сезімде сәулесі бар адамға жаман, жеңілтек мінезден арылу оңай.

Гүлнара ӘЛІБЕКОВА,
№56 қазақ орта мектебінің
тәлімгері.
Жаңақорған ауданы.

Байқау

Сыр сүлейі Тұрмағамбет



Елбасымыз "Сыр - Алаштың анасы" деп баға берген Сыр өңірі - жыр сүлейлері шыққан киелі өңір. Мыңдаған жылдар бойы Сыр өңірінде тарихымыздың төрінен өзіндік орнын тапқан небір асыл тұлғалар өткен. Солардың бірі - қазақ әдебиеті мен мәдениетіне айрықша үлес қосқан, суырып салма ақындығымен, ерекше талантымен елге танылып, "Сыр сүлейі" атанған Тұрмағанбет Ізтілеуов.

Тұрмағамбет қазіргі Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Ленин ауыл советінде 1882 жылы 9-шілдеде дүниеге келген. Жасынан оқуға ойы сергек, әкесі ерте өліп жетім қалған жігері бар бала ауылдағы мұсылман мектебінен алғаш білімге қанағаттанбай, таудай талаппен оқу іздеп Орта Азияға аттанып, Бұхара қаласындағы "Көкелташ" медресесін бітіріп шығады.

Ақынның танымал өлеңдері қатарына "Назым", "Сөз берсем "жөңдеймін" деп бұзасындар", "Әр елдің бар бұлбұлы", "Жоқ деме, маза өлеңде", "Жырынды жаз жөрмелеп", "Атаңның әуелінде белінде едің", "Адам", "Хазіреті Омардың хикаялары", "Пендесін Алла жеткерер", "Бұйрық", "Жыл келді", "Сыр бойы", "Кейінгіге нені тастап кетемін деп", "Бар" мен "Жоқ", "Ал" менен "Бер", "Іні", "Абайды оқығанда", "Адамдық іс", "Арқаның аруы не қозбайтұғын", және тағы да басқа өлеңдері де бар. Ол сонымен қатар, жазба айтыстың дамуына өзіндік үлесін қоса отырып, Сыр бойындағы жазба айтыс мектебін қалыптастырушылардың бірі болды.

Оның ең үлкен еңбегі - Орта Азия халықтарының мәдениетінен жоғары орын алған "Шаһнама" эпопеясын қазақ тіліне аударған аудармасы. Бұл еңбекті 1936 жылы қаңтар айында бастап, он ай бойы аударып, қазан айында аяқтаған. Гомердің "Илиадасынан" кем түспейтін 40 000 жолдан тұратын бұл көлемді шығарманы 934-1020 жылдары өмір сүрген шығыс классигі Әбілқасым Фердауси 30 жыл бойы жазған еді. Аталмыш еңбек Фердаусиден де бұрын түркі халықтарының аузында ертегі-аңыз түрінде баяндалып келген. Онда

патшалардың, батырлардың есімдері, географиялық жер-су атаулары, және тағы басқа атаулар мен тарихи деректер кездеседі.

Т.Ізтілеуовтың еңбегі кезінде еленіп, Орталық партия комитетінің шақыруымен Қазақ КСР Оқу халық комиссариатында ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. Л.И.Мирзоян, Т.Жүргенов, Ә.Қоңыратбаевтармен араласып, қызметтес болған. Ұлы тұлғаны, есімін ұрпақтарының жадында мәңгі сақтауда 1980 жылы Тұрмағамбет Ізтілеуовке туған жері Қармақшы ауданындағы бұрынғы Ленин кеңшарына ескерткіш орнатылып, осы ауылға және бір көшеге Тұрмағамбет аты берілді.

Сонымен қатар, Т.Ізтілеуовтың ақындық жолындағы еңбегін өскелең ұрпақтың бойында сақтауда ақынның туған жерінде жыл сайын дәстүрлі түрде көптеген іс-шаралар мен байқаулар өткізіліп тұрады. Солардың бірі - биыл Қармақшы ауданында қазан айының 23-де №30 орта мектеп базасында өткізілген дәстүрлі "Тұрмағанбет оқулары - 2015" байқауы. Байқаудың мақсаты - ақынның бай мұрасын, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіне және қазақ музыка саласына қосқан үлесін насихаттау болды. Байқау 3 секция бойынша жұмыс жасап, сол арқылы оқушылар сайысқа түсті. Олар: I-секция - "Сөйлеші тілім жосылып", бұл секцияда Тұрмағанбет шығармаларынан өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқу қамтылады. Ал II-секция - "Әр елдің бар бұлбұлы" мұнда Тұрмағанбет шығармаларына жазылған әндер орындалады. Соңғы III - "Жырынды жаз өрмелеп" деген секцияда оқушылардың жеке шығармашылығы сараланады. Жалпы байқауға Қармақшы ауданы, Төретам мен Ақай кенттері және Байқоңыр қаласы мектептерінен 40 -қа жуық оқушылар қатысты. Байқау соңында, мектебіміздің мерейін асырған, 4 "Б" сынып оқушысы Толыбаева Даяна Ғабитқызы I-секция бойынша қатысып, Тұрмағанбет шығармаларынан өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқудан жүлделі II орынды иеленді. Даянаның осындай табысына көп үлес қосқан мектебіміздің білімді де, білікті, ізденімпаз мұғалімі, талантты да, дарынды оқушыларды тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп келе жатқан Шарипова Гүлсара Карасайқызының еңбегін атап өтпеу мүмкін емес.

"Сыр сүлейі" атанған Тұрмағанбет Ізтілеуов бабамыздың ізін жалғастырар Даяна секілді ұрпақтарын көріп, кеудемізді қуаныш кернейді. Ал Даяна қызымызға айтарымыз, бұдан да биік белестерді бағындыруына және үлкен додалардың жеңіс тұғырынан көрінуіне шын жүректен тілектеспіз.

Данасұлу ЖҮСПҚЫЗЫ,
№272 орта мектеп директорының
ғылыми-әдістемелік
жұмыстар жөніндегі орынбасары.

Біздің сынып бірлігі

Біздің сыныпта 18 оқушы бар. Әр қайсысының мінезі әртүрлі. Бірақ, бір-бірімізді жақсы түсініп, жақсы сыйласып жүреміз. "Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін" деген қағиданы берік ұстанамыз. Әрқашан ауызбірлігіміз берік болып, бір-бірімізге қол ұшын созып жүреміз. Бір үйдің балаларындаймыз. Осындай ұйымшылдықпен көптеген жетістіктерге жетіп жатырмыз. Осы біздің

жетістігімізге, ұйымшылдығымызға ұстаздарымыз көп үлес қосуда. Осы ауызбіршілігіміздің арқасында көп асулардан асып, тағы да жетістіктерге жетеміз деген ойдамын.

Диляра РАЙЫМБЕКОВА,
№172 мектептің 6-сынып
оқушысы.
Тасбөгет кенті.

Бір мектептен хат. №187 мектеп

Менің ұстазым

Мен ұстазды сыйлаймын
Айтқандарын тыңдаймын.
Есептерін шешемін,
Ер жегемін өсемін.

Барлық ұстаз жақсы ғой,

Өмір сырын ұғамын.
Мен ұстазым арқылы,
Адам болып шығамын.

**Ақбота ОРЫНБАСАР,
3 "Б" сынып оқушысы.**

Ұстазым

Ұстазым, менің ұстазым,
Біздерменен бір жаның.
Еңбегіңіз үшін жасаған,
Бас ием сізге ризамын.

Құрметті Нұржамал апай! Сізге зор денсаулық, ұзақ өмір және еңбегіңіздің жемісін көруіңізді тілеймін. Ауырмай жүріңіз.

**Жания САДУАХАС,
3 "Б" сынып оқушысы.**

Қожарипова Айгүл апайға

Кем кормеймін сізді асыл анамнан,
Сізге ұқсап қудық бізде сан арман.
Сіздей адам дүниеде коп болсын,
Балалардың бақыты үшін жаралған.

Ең аяулы есім ғой "Ұстаз" деген,
Бар тіршілік бақытты ұстазбенен.
Ұстазымды жеткізгенше мұратына,

Білім іздеп лапылдап жана берем.

Ұстаздың оттай ыстық алақаны,
Болған соң ойлайтыны - бала қамы.
Қашанда ұстаздарға алғыс шексіз,
Баршаға білім нұрын таратады.

**Айымхан ЕСЕНГЕЛДІ,
3 "Б" сынып оқушысы.**

Ұстаз біздің анамыз

Ұлағатты ұстаздан тәрбие алған
халқымызға танымал білімді адам
болады. Ұстаз біздің екінші анамыз.
Менің алғашқы ұстазым ол Бекмұра-
това Алма апай. Ол алғаш қолыма қалам
ұстатып, әліппе үйретті. Қазіргі апайым
Тоғманова Гүлбағира апай, ол бізге тек
қана үйретіп қана қоймай, бізді
тазалыққа, ұқыптылыққа, еңбекке, елі-
мізді сүйеге, ана тілімізді құрметтеуге

баулуда.

Аяулы ұстазым саналы ой берген,
Қымбатсың әрдайым ұстазым сен
деген.
Қанша жыл өтседе ұмытпас жүрегім,
Санама нәр берген ұстазым тірегім.

**Назым АЙДАРБЕК,
6 "Ә" сынып оқушысы.**

Апайға

Білімнің көусар бұлағын,
Бойыма құйып, жиясың.
Мен үшін, сіз апайым,
Ұстазым, ғалым данасың.
Мен №187 М.Шоқай атындағы

мектепте 3 "Б" сыныпта оқимын. Менің
сынып жетекшім Айгүл апай. Ол үнемі
сыныптың, біздің жағдайымызды
ойлап жүреді. Әрқашан апайым көңілді
жүрсе екен. Ұстазым екінші анам
болғандықтан өз анамдай құрметтеп
жүремін.

**Нұржан ОРАҚ,
3 "Б" сынып оқушысы.**

Менің алғашқы ұстазым



Мен ұстазым Тынымгүл апайды
қатты жақсы көремін. Мен ұстазымды
көре сала жақсы көре бастадым. Өзіме
ұстазым ұнады. Ол мейірімді болып
көріңді. Бізге ұстазымыз білім береді
және көмектесіп отырады. Ол бізге
барлығын өте жақсы түсіндіреді.

**Кенжегүл ӘМІРОВА,
3 "В" сынып оқушысы.**

Сүйікті ұстазым

Мұғалім ардақты ұмтылмас,
Өзіме бала күннен үні сырлас.
Нәр алып алғашқы рет сол ұстаздан,
Арманның асқарына ұмтылған жас.
Ең алғаш мектеп табалдырығын
аттап, кірген сәтімде күлімдеп қарсы
алған, қолымнан жетектеп партаға
отырғызып, "Әліппе" кітабын ұстатқан,
алғаш әріп үйреткен - менің сүйікті де

ең алғашқы ұстазым Кішкенеева Гүлзай
Ибрагимқызы. Ол ешкімге ұқсамайтын
білімді, мейірімді, еңбекқор жан. Бә-
рімізді өз баласындай көріп, көп нәр-
сені үйретіп жүретін осы жанның орны
мен үшін қашанда ерекше. Өмірде өз
анаңнан кейінгі қадірлі тағы бір адам
болса ол - алғашқы ұстазым.

4 "В" сынып оқушылары.

Өте мейірімді жан

Менің алғашқы ұстазым - өте
мейірімді. Ол бізге білім және тәрбие
береді. Мен ұстазымды мақтаймын. Ол
бізге есеп және ережелерді үйретеді.

Барлық балалар ұстазды мақтайды.

**Ақдәме СӘНДІБЕКОВА,
6 "А" сынып оқушысы.**

Апайыммен мақтанамын

Менің алғашқы ұстазым Бақыт
Сұлтанқызы. Мен Алтынбекұлы Диас №187
М.Шоқай атындағы мектепте 2 "В"
сыныбында оқимын. Мен өз сыныбымды,
достарымды, мұғалімімді жақсы көремін.
Менің апайым білімді, білікті, әдемі, жаны
нәзік жан. Мен өз апайыммен мақтанамын.

**Диас АЛТЫНБЕКҰЛЫ,
2 "В" сынып оқушысы.**



Ұлағатты ұстаз



Ұстаз - деген ұлағатты сөз. Ұстаз
біздің екінші анамыз. Менің алғашқы
ұстазым Бақыткүл апай. Бақыткүл
апайдың маған әліппе мен қаламды
алғаш ұстатып, күлімсіреп, оқушы
атанғанымызбен құттықтағаны әлі

есімде. Апайым бізге тек білім беріп қана
қоймай бізді тазалыққа, ұқыптылыққа,
елімізді сүйеге баулиды. Менің ұстазым,
сізге ұзақ өмір тілеймін.

**Ақерке РАЙЫМБЕК,
2 "В" сынып оқушысы.**

Менің ұстазым Жадыра апай



Бізге Жадыра апай есептер шығаруды,
оқуды, жазуды үйретіп келеді. Барлығымыз
Жадыра апайымызды сыйлаймыз,
құрметтейміз. Өйткені, бізге аянбай білім
беріп келеді. Сабақты жақсы оқуға
тырысамыз. Жадыра апаймен бірге он бір
жыл бойы бір мектепте боламыз. Бізге
тәртіпті болуға, үлкенді сыйлауға, әдепті
болуға үйретіп келеді.

**Айару ҚАНЖАРБАЙ,
2 "А" сынып оқушысы.**

Мейірімді, ақылды, инабатты



Мен Жадыра апайдан көптеген жақсы
қасиеттерді бойыма сіңіріп келемін.
Сонымен бірге есеп шығару, оқу, минутқа
оқу, көрем жазу, сын жұмысын жазу, тест
жұмысын орындау бәрін, бәрін үйреніп
келемін. Жадыра апай мейірімді, ақылды,
инабатты. Біз сынып болып апайымызды
сыйлаймыз.

**Бибінұр БАҚЫТЖАН,
2 "А" сынып оқушысы.**

Бір мектептен хат. №56 мектеп Ардақтаймыз анайды

Ұстаз - деген ұлағатты сөз. Мектеп біздің екінші үйіміз болса, ал ұстаз - біздің екінші анамыз. Менің алғашқы ұстазым - Зинаида Әлімбетова. Оның әрбір айтқан сөзі ерекше. Мен сізге бір өлең шумағын арнаймын.

Білім берген ұстазым,
Ұмытпаймын ешқашан.
Ардақтаймын өзіңізді
Қадір тұтып арқашан.
Біз апайды жақсы көреміз, оның

айтқанын тыңдаймыз, оны ренжітпейміз. Біз апайымыздың үмітін ақтауға тырысамыз. Сіз өте жақсы, мейірімді адамсыз.

Ұстаз ерекше адам. Ұстаздың баласы болса да, біз де апайдың баласымыз.

**Айғаным ҒАРИФУЛЛАҚЫЗЫ,
4 "Ә" сынып оқушысы.**

Отан оттан да ыстық

Менің туып өскен жерім - егеменді Қазақстан. Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөддір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Қазақстан жерінде аңдар мен құстар, неше түрлі жануарлар тіршілік етеді. Сол жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып өскен. Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. "Отаның-алтын бесігің", "Отаны жоқтық - нағыз жоқтық" деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау - әрбір азаматтың бірінші міндеті. Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең деп ойлаймын.



Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен терең дарып, ақ нанымен бекуі тиіс. Өйткені Отан біз үшін оттан да ыстық.

**Арайлым БАЙҒАРА,
5 "Б" сынып оқушысы.**

Анама

Анама ақ тілеуді арнағаным,
Пейілі кеңдігіндей сар даланың.
Алдында асқар тау боп биіктесең,
Ниеті деп ұғарсың бір балаңның.
Шарықтап тұр бүгінде көңіл деген,
Өзіңмен несібем еш төгілмеген.
Денемді бір сөзіңнен тіктеп алып,
Қуаттанам, бір нұрлы өмір көрем.
Таңғалып жүрген болсақ уақытты біз,

Бұлақтай өмір нәрін тасыттыңыз.
Жарқырап жөн сілтеген жарық жұлдыз,
Бақыттымыз жан ана бақыттымыз.



**Аружан КАРИМОВА,
5 "Б" сынып оқушысы.**

Тілге құрмет-елге құрмет

Тілді өркендету - баршаның ісі. Тіл - тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Елбасы жыл сайынғы халыққа жолдауында бағыттарының бірі - мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуды басты назарда ұстап келеді. Қағамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдылығы болып қала береді. Қағамда мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі қоғамымызда Елбасының саясатын жүргізу мол жемісін беруде деп ойлаймын. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио-теледидарларымыз 90-жылдарға қарағанда әлдеқайда "қазақша сайрап тұр" десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны. Бұл осы уақытқа дейін

барлық жағдайды жете бағамдай отырып, жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі.

"Ана тілі дегеніміз - сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады" деп Ғ.Мүсірепов айтқандай елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге, әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынуы қуантатын жағдай.

**Гүлдана ҚАНАТ,
9 "В" сынып оқушысы.
Қызылорда қаласы.**

Жолда жүру ережесін сақтаймыз

Сабақтың тақырыбы: Жолда жүру ережесін сақтаймыз!

Сабақтың мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге, жол ережесінің белгілерімен таныстыру, балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Бағдаршам, жол белгілері салынған суреттер, жолда жүру ережесіне арналған кітаптар.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал, кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады.

Сондықтан, әрбір бала балабақшада оқылатын "Жолда жүру ережесі" тақырыбындағы сабақты мұқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті. Үлгілі, тәртіпті бала көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды.

Сонымен, қандай бала жол ережесін бұзбайды?

Балалар: Үлгілі, тәртіпті бала.

Тәрбиеші: Ал, енді "Жолда жүру ережесін сақтаймыз!" атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймын. Жұмбақтарды шешу.

Жұмбақтар.

1. Ала таяқ ұстаған,
Жол тәртібін нұсқаған.
Өмірінді күзеткен,
Ысқырықпен түзеткен. (Тәртіп сақшысы)

2. Көше бойлап аяндайды,
Адам тасып аялайды. (Автобус)
Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,
3. Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)

Өзі сөйлей білмейді,
Бірақ "Тоқта, жүр!" дейді. (Бағдаршам)

Тәрбиеші: Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтаңдыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамызға керек.

1. Неге?

Біздің қаламызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни, барлық жүргізушілер, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек.

2. Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен, көрейік. Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші.

3. Жиек жол деген не? Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол.

4. Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.

Ән: Бағдаршам.

1. Көшеде біз сақ болайық,
Қаймықпасын ата-ана.
Жолда сен бол лайық,

Жас ұлан деген атқа.

Қайырмасы:

2. Әрқашан күн сөнбесін,
Аспаннан бұлт төнбесін.
Қасымда болсын анам,
Болайын мен де аман!

Жолда жүру әліппесін
Білген жөн бес саусақтай.
Сонда ғана жүре аласың,
Сен өзіңді сау сақтап.

Тұрамын көшенің қиылысын тұрақтап,
Қашпаймын мүдіріп, ешқандай сұрақтан.

Белгісі жолдардың төрт топтан тұрады,
Жарқырап көрінер түнде де жырақтан.

Бағдаршам Дәулет:

Ашса кезек үш көзін,
Айтты деп ұқ үш сөзін.
"Тоқта, сақтан, жол ашық!"
Жүрме жолға таласып.

Аққұл:

Төрт топтан құралған,
Белгілер туыстай.
Жол сілтеп тұрады.
У-шусыз ұрыспай.
Сақтандыру, ескерту белгісі Қарақат:
Қып-қызыл үшбұрыш,
Қауіптен сақ бол деп сәт-сапар жолдаған.

Аман-сау жүреді жаяу да, көлік те,
Мен берген белгіні сақтаған,
Қолдаған.

Тыйым салу белгісі Алихан:
Қызылмен боялған, шеңбермін аумақты,

Тыйымшыл белгімін, қаталмын салмақты.

Мен тұрған жерлерде хақың жоқ жүруге,
Қауіп бар, бағдарла көз салып жан-жақты.

Міндеттеу белгісі Нұрай:
Белгімін көрсетер жылдамдық бағытты,

Міндетті бұрылыс, әйтпесе, қауіпті.
Барлығын анықтап тұрамын жолыңда,

Абай бол, шартыңды міндетті орында!

Нұсқау белгісі Нұрлыхан:
Баратын жеріңнің бағытын, тұрағын,

Үн-түңсіз жол сілтеп, жол нұсқап тұрамын.

Күндіз де, түнде де от болып жанады,

Көк түске боялған төрт бұрыш шырағым.

Тәрбиеші: Балалар, біз әр белгінің не мақсатта қолданылатынын білдік.

Қорытындылау.

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі сабақты қорыта келе "Жас дәуірдің балалары" әнін айтайық. Деніміз сау, еліміз тыныш, жол тәртібін сақтап, аман-есен жүрелік. Қорыта келе:

Ирек-ирек көшелер,
Көше деген мың ирек.
Қиындыққа әйтсе де,
Үйренесің біртіндеп.
Барар жерге асықпа,
Бәйге алмайсың бұрын кеп.

**Айзада РАХМАН,
№115 негізгі мектеп мұғалімі.
Жалағаш ауданы.**

Меншік иесі:
**"Сыр мектебі"
жауапкершілігі**

Айына екі рет шығады

Бас редактор Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет редакция компьютерінде теріліп, беттелген.
"Print" баспаханасында басылды.
Тапсырыс № 2142

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2001 жылы 28 қазанда тіркеліп, №2418-Г куәлігін алған.
Индексі 65639.
Таралымы 1559 дана

Мекен-жайымыз:
Қызылорда қаласы, Тасбөгет қонысы,
Аманкелді көшесі 5 үй, 16 пәтер, 2-қабат.
Телефондар:
Бас редактор: 21-50-75,
Тілшілер, есепші: 40-06-72.

Жаңалықтар.Хабарлар

“Күз аруы-2015” байқауы



Жыл сайын мектептерде күз мерекесін тойлау, кештер өткізу дәстүрге айналған. Табиғат - күллі тіршілік атаулының қуатты қонысы, алтын ұя бесігі, құт берекесі. Осы күздің табиғаттан алатын орны ерекше. Күз адам баласына молшылық береке әкелетін мезгіл. Сондықтан да адамдар күзге берекелі күз, алтын күз деп баға береді.

Табиғат - ананың ең тамаша жыл мезгілдерінің бірі - күрең күздің келуімен қатар аудан орталығындағы №56 қазақ орта мектебінде 8, 9, 10-сыныптар арасында “Күз аруы - 2015” байқауы ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл байқау қыз балалар үшін ерекше болды.

Мектепшілік байқауды 10-сыныптың белсенді оқушылары Әбдәшім Аружан мен Қасымжомарт Мырзабекұлы жүргізді.

Сайыстың кезеңдері:

- 1.Таныстыру
- 2.Өз өнері
- 3.Пародия
- 4.Кешкі киім үлгісі
5. Күзгі салат
- 6.Сұрақ-жауап бойынша кезеңдерінен өтіп, өз бақтарын сынады. Әр

кезеңнен өткен ару қыздардың бағасы әділ қазы алқалары тарапынан 3, 4, 5 балдық көрсеткішпен бағаланды.

Әділқазы алқаларының қорытындысымен байқауға ерекше дайындығымен келіп, өзінің ибалылығымен, биязылығымен көзге түскені үшін 8-сынып оқушысы Жұмаділла Айсәуле "Инабатты қыз", ақылына көркі сай 9 "А" сынып оқушысы Тоқтар Айда "Сымбатты қыз", бойынан ізгіліктің нұры төгілген 9 "Б" сынып оқушысы Жәдік Құлпынай "Парасатты қыз" номинацияларымен марапатталса, 10-сыныптың оқушысы Махамедәлі Аружан білімімен, ақылымен, жан-жақтылығымен дараланып, "Күз аруы-2015" байқауының жеңімпазы атанды. Байқауға қатысушы аруларға арнайы сыйлықтар тапсырылып, мақтау қағаздарымен марапатталды.

Мектеп директорымыздың тәрбие-



ісі жөніндегі орынбасары Басқожаева Роза қатысушыларға өз ризашылығын білдірді.

Гүлнара ӘЛБЕКОВА,
№56 қазақ орта мектеп тәлімгері.
Жаңақорған ауданы.

“Нұрлы жол -болашаққа бастар жол”



№185 мектептің мәжіліс залында Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының мемлекеттік тапсырысы шеңберінде "Қорқыт елі - Қармақшы" жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен "Нұрлы жол - болашаққа бастар жол" атты дәстүрлі жолдауын кеңінен насихаттау мақсатында интеллектуалды ойын болып өтті.

Шараның мақсаты: Жастардың бойына Қазақстандық патриоттық рухты сіңіру. Елбасы жолдауын жастар арасында насихаттай отырып, жан - жақты сұрақтармен қамту. Жастарды біріктіре отырып, ауыз-біршілікке шақыру.

"Брейн ринг" атты интеллектуалды ойынды "Қорқыт елі - Қармақшы" жастар қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Шараға "Шаңырақ", "Бірлік", "Қазақстан", "Атамекен", "Ақ Орда", "Тұлпар", "Бейбітшілік" деп аталатын "Космос" колледжінің жас мамандары мен студенттерінен құралған топтар қатысты. Жарысқа қатысушы топтарға аудандық мәслихат депутаты,

"Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің Қармақшы аудандық бөлімінің басшысы М.Ибраев және "Космос" колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Қожантайқызы әділ қазылық етті. Жарыс үш кезеңнен тұрды. 1-кезең әр топ өздерінің эмблемасы мен мақсатын таныстырып өтті. 2-сұрақ-жауап кезеңі. 3-кезеңде математикалық сұрақтар бойынша сынақтан өтеді. Аталмыш шараға Байқоңыр жастары өте жоғарғы деңгейдегі белсенділікпен қатысып, өз деңгейлерін көрсетті. Үш кезеңнен сүрінбей өтіп, арнайы тағайындалған орындарға топтар ішінен ІІІ-орынды "Тұлпар", ІІ-орынды "Шаңырақ", І-орынды "Бірлік" деп аталатын топтар иеленді. Шараға белсене қатысқан жастар арасында Н.Төлегенова, Ж.Сыржанова есімді "Космос" колледжінің студенттері, ойынның өте жоғарғы деңгейде өтуіне үлес қосты.

Б.ІЛИЯСОВ,
"Қорқыт елі - Қармақшы"
жастар қоғамдық
бірлестігінің төрағасы.

Ү.Қошалақовты еске алуға арналған олимпиада

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: "Еңселі елдің ертеңі - кемел білім мен кенен ғылымда" деп атап көрсеткендей, расында да ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Қазіргі таңда өскелең жас ұрпаққа жаңа заманға сай, саналы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім бере отырып, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру - ұстаздар қауымына артылған үлкен міндет. Ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық. Осындай шәкірттеріміздің бірі, мектебіміздің мақтанышына айналған, 10 "А" сынып оқушысы Муханбетова Арайлым Жеңісбекқызы. Ол қаламыздағы көптеген қалалық байқаулар мен пәндік олимпиадаларының жеңімпазы. Инабатты да ибалы мінезімен, сыпайылығымен, ең бастысы терең білімі, ізденімпаздығы және ұтқыр ойлау қабілеті арқылы өз қатарластарынан әрдайым ерекшеленетін Арайлым мектебі мен ұстаздарының, әсіресе, пән мұғалімі - Дүйсенбаева Сәуле апайының да үкілеген үмітін ақтап, ІХ "Ү.Қошалақов" атындағы аудандық математикалық олимпиадасында жүлделі ІІ орынды иеленді.

Бұл білім бәйгесі Қармақшы ауданында білім бөлімінің ұйымдастыруымен 2015 жылдың 30 қазанында №105 орта мектеп базасында, 8-11-сыныптар бойынша белгілі математик, өнегелі ұстаз - Үсен Қошалақовтың тағылымға толы ғұмыры мен еңбек жолын насихаттау мақсатында өткізілген болатын.

Жауынгер, тұтқын, саясат құрбаны, ұстаз - Үсен Қошалақов 1917 жылы Қызылорда облысы Қазалы ауданының Майлыбас станциясында туған. Білімі жоғары, ауқатты отбасынан шыққан. Қармақшы қыстағындағы орта мектептің мұғалімі болған. Туған халқының ғана азаттығы емес, ісі түрік баласының қамын жеген қайран ер, аса



көрнекті қайраткер Мұстафа Шоқайдың үзеңгілес серіктесі (кей деректерде оң қолы болған дейді) Ү.Қошалақов енген "Түркістан ұлттық комитетін" қауіпсіздік органдары антикеңестік ұйымға жатқызып, оған қатысқан 49 адамды "Отанына опасыздық" жасаған деп, дәлелсіз айып тағылған екен. Сол 49 адамның қатарында Ү.Қошалақовта болып, тіпті ату жазасына да кесілген екен. Кейіннен КСРО Жоғарғы Советі Президиумының 1955 жылғы 17 қыркүйектегі Указымен Үсен Қошалақовқа кешірім жасалып, одан соң ол өзінің мамандығы - ұстаздық қызметіне қайта кіріседі. Өмірінің соңына дейін жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беруге ынта-жігерімен еңбек еткен қайраткеріміздің өмір жолы мен ерен еңбегі өскелең ұрпаққа үлгі болары анық.

Данасұлу ЖҰМАҒАЗИЕВА,
№272 орта мектептің ғылыми-
әдістемелік
жұмыстар жөніндегі орынбасары.
Қармақшы ауданы.

“Абай дана, Абай дара қазақта”

"Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе" - деп Сұлтанмахмұт ағамыз айтқандай, ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы-халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың ақындық әлемі мағыналық ауқымы өте кең. Абай поэзиясы - өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкей тесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғаған, толғаған поэзия. Ұлы ағартушы - ақын, сазгер Абай өмірінің соңына дейін қазақ халқының жарқын болашағы үшін күресті. Оның өлеңдерінде, қара сөздерінде сол замандағы қазақ халқының өмірінің көркем бейнеленген шындығы жатыр. Артына қалдырып кеткен аса құнды мұраларында Абай адам бойында кездесетін жаман мінез-құлықтарды сынады, адамдықты, ақыл мен білімді алға қойды және жастарға ақылға, еңбекке сүйеніп өмір сүруді, жамандық жасамауды, адамгершілікті сақтауды өсиет етті.

Биыл ұлы тұлға - Абай Құнанбайұлының туғанына 170 жыл толуда. Осы мерейтойға орай ақынның туған жері мен өзге де еліміздің қалаларында көптеген іс-шаралар өтуде. Дүбірлі тойға біз де өз үлесімізді қосуды парызымыз деп санап, мектебімізде "Абай дана, Абай дара қазақта" атты ақын өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқу сайысы өтті. Сайыстың мақсаты - қазақтың бас ақыны, ұлы дана, ойшыл, сазгер Абай Құнанбаевтың мол мұрасын насихаттап, сол арқылы жастардың бойына мақтанаш сезімін тудыру және қазақтың бай тілі мен әдебиетін, сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін сіндіру болды. Бұл шараны ұйымдастырудағы мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің

мұғалімдері - Қайнарова Мереке мен Жалиева Күләйхан апайларымыздың үлкен еңбегін айта кеткім келеді. Жалпы сайысқа мектеп ішінен 5-9-сынып оқушылары арасынан 15-тен аса оқушылар қатысты. Байқау өте тартысты өтті. Қазылар алқасына да қатысушыларды бағалау қиынға түсті. Себебі, сайыскерлердің бәрі дерлік ақынның бес немесе он өлеңін жай жаттап қана қоймай, оқушылардың мықты дайындығы айқындалып тұрды. Мектеп директоры К.Тұрысбекова, ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасар Д.Жумағазиева, оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Бисембектен құралған әділ қазылар алқасы оқушылардың тіл тазалығы, шығарма таңдау жағынан және ақынның шығармаларын нақышына келтіріп жатқа айтуы мен сахналық мәдениетіне қарай бағалады. Сонымен қатар, сайыс соңында сөз алған мектеп директоры К.Тұрысбекова, осындай мемлекеттік тілдің дамуына үлес қосып, Абай атамyzдың мағыналы да бағалы мұрасын оқып білуге ұмтылған жас ұрпаққа алғысын жеткізіп, жеңімпаздарды жариялады. Нәтижесінде ІІІ-орынды 8 "Ә" және "А" сынып оқушылары Ғалымжанова Айдана мен Жасанбаева Ақнұр өзара бөліссе, ІІ-орын 7-сынып оқушысы Қалмырза Гүлнұрға бұйырды, ал 9 "Ә" сынып оқушысы Ермахан Гүлфайруз І-орынды жеңіп алды. Барлық жеңімпаздар мақтау қағаздармен және өзге де қатысушылардың барлығы белсене қатысқаны үшін марапатталды.

Данасұлу ЖҰМАҒАЗИЕВА,
№272 орта мектептің
ғылыми-әдістемелік
жұмыстар жөніндегі орынбасары.